ҚОҒАМ

МАҚТА-ТОҚЫМА КЛАСТЕРІН ҚҰРУ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ

2-бетте

АЙМАҚ

ЖЫЛЫНА 1,2 МИЛЛИОН ТОННА ЦЕМЕНТ ӨНДІРЕДІ

3-бетте

АЙМАҚ

ТЕМІРТАУЛЫҚ ТЕМІР ҰСТАСЫ

3-бетте

SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | saltar61@mail.ru | №32 (1891) 27 наурыз 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ



ГРЕК ХАЛҚЫНА ӨРКЕНДЕУ МЕН ҚҰТ-БЕРЕКЕ ТІЛЕДІ

Мемлекет басшысы Грекия Президентін Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Президент Астана мен Афина арасындағы достық пен өзара түсіністікке негізделген көпқырлы ынтымақтастықтың аясы жылдан-жылға кеңейіп келе жатқанын ризашылықпен атап өтті. Сондай-ақ бірлескен күш-жігердің арқасында елдеріміздің серіктестігі болашақта да ұдайы нығая беретініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Грекия Президенті Константинос Тасуластың жауапты мемлекеттік қызметіне толағай табыс, достас грек халқына өркендеу мен құт-береке тіледі.

AKORDA.KZ.

ЭКОЛОГИЯ

МИНИСТР МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІК ТЕТІГІН ЕНГІЗУДІ ҰСЫНДЫ

Статистикаға сүйенсек, елімізде жыл сайын 4,5 миллион тоннадан астам қалдық түзіледі екен. Өткен жылы оларды қайта өңдеу деңгейі шамамен 26 пайызда құраған. Бұл жоспарланған 30 пайыздан да төмен.

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев Үкімет отырысында елімізде тұрмыстық қатты қалдықтарды (ТҚҚ) жинауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер арнайы кәсіпорындардың шығындарын жаба алмай отырғанын атап көрсетіп, аталған мәселені шешу үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін енгізуді ұсынды. Осы тетік шеңберінде ТҚҚ-ға шекті, экономикалық негізделген тарифті бекіту, сондай-ақ оны әкімдіктер деңгейінде белгілеу жөніндегі құзіретті айқындау ұсынылуда. Ол бойынша қазіргі және ұсынылатын тарифтер арасындағы айырмашылықты утиль алымдары есебінен жабу жоспарланып отыр.

Бұған қоса, Мемлекет басшысының ірі қалаларда қоқыс өңдеу зауыттарын салу жөніндегі тапсырмасын іске асыру шеңберінде утиль алымдары есебінен жеңілдікпен қаржыландыру тетігі бекітілген. Ол утиль төлемі есебінен қаржыландырылатын, төлемдер бойынша екі жылға дейінгі демалысы бар жылдық 3 пайыздан 15 жылға дейінгі қарыздарды қамтиды.

Министрдің айтуынша, ведомство бүгінгі таңда әкімдіктер ұсынған құны шамамен 317 миллиард теңге болатын 67 жобаны мақұлдапты. Оның 43-і қалдықтарды қайта өңдеуге бағытталған.

«Біздің тарапымыздан жүргізілген талдау өңірлерде жобаларды іске асыру және қайталама шикізатты барынша өндіру кезінде тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі қуаттарды ұлғайту үшін айтарлықтай әлеует бар екенін көрсетті»,–деді Ерлан Нұралиұлы.

А. ӘБІЛ.

ҚОНЫСТОЙ

ӘЗ-НАУРЫЗДА 70 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Арыс қаласында Ұлыстың ұлы күні – Әз-Наурыз мерекесі қарсаңында 70 отбасы қоныс тойын тойлады. Қала әкімі Қайсар Маңқараев қоныс иелерін қуанышымен құттықтап, жаңа үйлердің кілтін табыстады.

Заманауи үлгідегі баспаналар «Отырар» шағынауданында бой көтерген. Жаңа баспанаға қол жеткізген тұрғындар мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдауға ризашылықтарын білдіріп, қуанышты сәттерін жақындарымен бөлісті.

Қала әкімі өз сөзінде халықтың әл-ауқатын арттыру, тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі екенін атап өтті. Сондай-ақ алдағы уақытта да Арыста тұрғын үймен қамту жұмыстары жалғасатынын жеткізді.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

IT-ҚЫЗМЕТ

ЕЛІМІЗГЕ ӘЛЕМДІК ТЕХНОЛОГИЯ АЛПАУЫТТАРЫН ТАРТАТЫН ЖОБА

Премьер-Министр Олжас Бектенов сингапурлық инвестор – «GK Hyperscale Ltd» компаниясымен елімізде гипермасштабталатын деректерді өңдеу орталықтарын салу туралы келісімге қол қойды, – деп хабарлайды «Primeminister.kz.». Яғни, елімізде гипермасштабталатын деректерді өңдейтін ең ірі орталық құрылады.

Құжатта Ақмола және Қарағанды облыстарында жалпы қуаты 200 МВт болатын екі бірдей деректерді өңдеу орталығын салу және пайдалануға беру үшін 690 миллиард теңге көлемінде инвестиция тарту көзделген. Цифрлық даму министрлігі жобаны жүзеге асыруға, оның мемлекеттік цифрлық экожүйеге интеграциялануын қамтамасыз етуге, сондай-ақ «бұлтты» технологиялар мен жоғары өнімді есептеулерді дамыту үшін нормативтік жағдай қалыптастыруға белсенді түрде қатысатын болады. Құрылыстың бірінші кезегі 2027 жылы пайдалануға берілсе, деректерді өңдеу орталығы 2030 жылы толық іске қосылады деп жоспарланып отыр.

Стратегиялық маңызды жоба елімізге не береді?

Біріншіден, орталықтар құру Қазақстанға «Microsoft», «Google» және «Amazon» сияқты халықаралық технология алпауыттарын, сондай-ақ үлкен деректермен және машиналық оқытумен жұмыс істейтін компанияларды тартуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, жоба жалақы деңгейі жоғары жұмыс орындарын ашу және технологиялық тәуелсіздікті қамтамасыз ету арқылы цифрлық экономиканы дамытудың қозғаушы күшіне айналады. Қазақстан «IT»-қызметтер экспортын едәуір арттырып, халықаралық нарықтарда жергілікті «IT»-компаниялардың қатысуын кеңейтеді және оның жаһандық цифрлық экожүйелердегі рөлін күшейтеді деп күтілуде.

«Осылайша, деректерді өңдеу орталықтарының іске қосылуы еліміздің Орталық Азияның цифрлық хабы ретіндегі орнын нығайтады әрі «IT»-қызметтер экспортының өсуіне жағдай жасайды», – дейді сала мамандары.

Қ. САБЫРҰЛЫ.

ІССАПАР

ӨНДІРІС КӨЛЕМІН ЖЫЛДАН ЖЫЛҒА АРТТЫРУДА

Облыс әкімі Берік Уәли Бородулиха ауданына жұмыс сапары барысында Жезкент кентіндегі «Шығыстүстімет» тау-кен өндіру кәсіпорнында болды.

Мыс-полиметалл кенін өндірумен және қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорын өндіріс көлемін жылдан жылға арттырып келеді. Өндірісте 1843 адам жұмыс істейді. Компания 2024 жылы бюджетке 1,3 миллиард теңгеден астам салық төлеген.

Кәсіпорын өңірдегі әлеуметтік бастамаларға тұрақты түрде қолдау көрсетіп келеді. 2020-2024 жылдар аралығында компания Абай облысында денсаулық сақтау және спорт салаларына бағытталған бірқатар маңызды жобаларды қаржыландырған.

Аймақ басшысы мен компания жетекшілерінің қатысуымен өткен жиында кәсіпорынның атқарған жұмысы мен жобалары туралы баяндалды. Облыс әкімі өндіріс орнының басшылығымен пікір алмасу барысында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында облысқа әлеуметтік нысандар салуға көмек көрсетуге шақырды.

АБАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҮКІМЕТ

МАҚТА-ТОҚЫМА КЛАСТЕРІН ҚҰРУ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Премьер-Министр Олжас Бектенов Қытайдың «Xinjiang Lihua (Group) Co.», «Ltd» компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Чжан Цихаймен кездесіп, Түркістан облысындағы «TURAN» арнайы экономикалық аймағында мақта-тоқыма кластерін құру жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру мәселесін талқылады.

Жоба мақта өсіруден бастап иірілген жіп, мата, киім түріндегі басқа да дайын тоқыма өнімдерін шығаруға дейін өндірістің толық циклін, яғни, мақта агроөнеркәсібі кешенін қалыптастыруға бағытталған. Егіс алқаптарына 50 мың гектардан астам жер бөлінді, 10 зауыт салу жоспарланып отыр, оның ішінде 4-і егіс алқаптарына жақын мақта өңдеу бойынша, 2-і – заманауи су үнемдеу технологияларын қолдана отырып, тамшылатып суару жүйелерін өндіру бойынша, сондай-ақ тігін және бояу-әрлеу фабрикасын қоса алғанда, 4 тоқыма зауыты бар. Инвестициялардың жалпы сомасы 200 миллиард теңгеден асады. 4 мыңнан астам жұмыс орнын, оның ішінде 3 мың тұрақты жұмыс орнын ашу көзделген.

Бүгінде кластердің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін ПВХ құбырларын шығаратын зауыт іске қосылды, тоқыма фабрикаларының құрылысы басталды. Инвестор суару инфрақұрылымының (каналдар желісі, сорғы стансасы) құрылысын жүргізуде.

«Xinjiang Lihua (Group) Co.», «Ltd» компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Чжан Цихай еліміздегі қолайлы инвестициялық ахуалды және жоба үшін өңірдің тиімді климаттық ерекшеліктерін атап өтті. Чжан Цихай биылғы қазан айынан бастап дайын өнімнің алғашқы өндірісін іске қосу жоспарланып отырғанын хабарлады.

Премьер-Министр іске асырылып жатқан жобаның мәнін және экономиканы дамытудағы кластерлік тәсілдің маңыздылығын атап өтті. «Мемлекет басшысы экономиканы әртараптандыру және нақты секторға инвестиция тарту міндетін қойды. Мақта-тоқыма кластерін құру өнімнің қосылған құнын арттыруға, қайта өңдеуге және еліміздің экспорттық әлеуетін арттыруға баса назар аудара отырып, ауылшаруашылығы өндірісін дамытуға ықпал етеді. Үкімет өз тарапынан қажетті қолдау көрсетеді», — деді Олжас Бектенов.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ИНВЕСТИЦИЯ

АҚМОЛА БИЗНЕС ЖҮРГІЗУГЕ ҚОЛАЙЛЫ ӨҢІРГЕ АЙНАЛЫП ОТЫР

Инвестиция – жай ғана жобаларға қаржы құю емес, инфрақұрылымды дамыту, өндірістерді жаңғырту, жаңа жұмыс орындарын құру және халықтың әл-ауқатын арттырудың негізгі кілті. Ақмола облысында инвестициялық климатты жақсарту бойынша белсенді шаралар жүзеге асырылып, бұл отандық және шетелдік инвесторларды тартуға ықпал етуде.

2024 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі шамамен 563 миллиард теңгені құрады, оның 60 пайызы жеке инвестицияларға тиесілі. Бұл бизнестің белсенділігі мен өңірді дамытуға деген қызығушылығын көрсетеді.

Инвестициялық саясаттың арқасында өткен жылы 109,6 миллиард теңгеге 187 жеке инвестициялық жоба іске асырылып, 1,3 мың жаңа жұмыс орны ашылды. Осы ретте, Аршалы ауданында жел электр стансаларын салу, Целиноград ауданында 1500 басқа арналған сүт-тауар фермасын құру, Көкшетауда сағатына 18 тонна өнім өндіретін құрама жем зауытын салу, Көкшетауда 48 мың тонна дәнді және бұршақ дақылдарын қайта өңдейтін кешен ұйымдастыру маңызды жобалар қатарында.

Сонымен қатар, 450 миллиард теңгеден астам инвестициялық жобаларды жүзеге асыру бойынша келісімдерге қол жеткізілді. Биыл жеке инвестициялар есебінен 190 миллиард теңгеге 150 жобаны іске асыру, 1,8 мың жаңа жұмыс орнын ашу жоспарлаған. Сондай-ақ Көкшетауда май экстракциялық зауыт, Аршалы ауданында астықты терең өңдеу зауыты, Астрахан ауданында диірмен кешені сияқты ірі нысандардың құрылысы басталады.



Астанада инвесторларды тартумен және оларды сүйемелдеумен айналысатын «Aqmola Inves»t фронт-офисі жұмыс істейді. Аршалы ауданында «Aqmola», Көкшетауда «Кокше Индастри», Целиноград ауданында «Қоянды Индастриал Парк» индустриялық аймақтары құрылған. Инвесторларға дайын инфрақұрылым мен өндіріс орналастыру үшін қолайлы жағдайлар ұсынатын бұл алаңдарда инвестициялық жобаларды таңдау және орналастыру жұмыстары жүргізілуде. Инженерлік коммуникациялардың (электр, су, газбен жабдықтау, автожолдар, теміржол желілері) болуы отандық және халықаралық инвесторлар үшін тартымдылықты арттырады.

Индустриялық аймақтарды дамыту және ірі жобаларды жүзеге асыру мыңдаған жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Салық түсімдерінің өсуі әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруға, аумақтарды абаттандыруға және инфрақұрылымды дамытуға қосымша ресурс береді. Сондай-ақ жаңа өндірістердің іске қосылуы логистикаға, сервистік қызметтерге және техникалық қызмет көрсетуге деген сұранысты арттырып, өңірдегі шағын және орта бизнестің дамуын ынталандырады.

Кешенді инвестициялық саясаттың арқасында Ақмола облысы бизнес жүргізуге қолайлы өңірге айналып, ірі жобаларды жүзеге асыру тұрақты экономикалық өсімге және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етуде.

Е. ЖАРКЕШОВ, Ақмола облысы әкімінің орынбасары.

КӘСІПОРЫН

ЖЫЛЫНА 100 МЫҢ ТОННАДАН АСТАМ БОЛАТ ПЕН ШОЙЫН ШЫҒАРАДЫ

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев өңірдегі «Запчасть» АҚ-ында болып, ірі машина жасау кешенінің технологиялық желілерінің жұмысымен танысты.

Кәсіпорын жылына 100 мың тоннадан астам болат пен шойын шығарады. 2026 жылға қарай заманауи технологияларды енгізудің нәтижесінде бұл көрсеткішті екі есеге арттыру жоспарлануда. Бүгінгі таңда зауыттағы электр болат балқыту, болат құю, механикалық штамптау және әмбебап цехтарында 588 адам еңбек етеді. Сонымен қатар, «Запчасть» теміржол жылжымалы құрамдарының құрамдас бөліктерін шығарады.

Кешен аумағында еуропалық үлгідегі сапалы арматура шығаратын «Арматура Тараз зауыты» ЖШС іске қосылған. Қазір онда бір ауысымда 300 тоннаға дейін арматура шығарады. Өнім ішкі нарықтың қажеттіліктерін жауып, Ресейге экспорттады.

Биыл шілде айынан бастап шығарылатын өнім түрлерін кеңейтіп, өндіріс көлемін ауысымына 400 тоннаға дейін жеткізу жоспарлануда.

Бүгінде «Запчасть» АҚ-да реверсивті материалдарды өңдейтін цех салу жобасы жүзеге асырылуда. Жаңа цехты пайдалануға беру болат балқыту өндірісінің өзіндік құнын 50 пайызға дейін төмендетіп, құю цехының өнімділігін 200 пайызға арттыруға мүмкіндік береді. Жобалық қуаттылығы – жылына 30 мың тонна.

Өңір басшысы кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасына жаңа цехтың уақытылы іске қосылуын қамтамасыз етуді, өнімді өткізу көлемін ұлғайту мәселесін зерделеуді тапсырды.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

БІЛІМ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МӘРТЕБЕГЕ ИЕ БОЛДЫ

Республикалық физика-математика мектебі (РФММ) Орта Азияда «Apple Authorized Training Center for Education» (AATCE) мәртебесін алған алғашқы білім ордасы атанды.

«AATCE» мәртебесі мектептің цифрлық пәндерді оқыту және «IT» мамандарын даярлау саласындағы «Apple» компаниясының халықаралық стандарттарына сәйкестігін растайды. Оқу бағдарламасы мектеп оқушылары үшін арнайы әзірленіп, «Develop in Swift» сертификатталған курсын қамтиды, бұл оқушыларға мектеп аясында «Swift» тілін меңгеруге және «iOS» үшін мобильді қосымшаларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

«Осы уақытқа дейін мұндай орталықтар негізінен Еуропа мен Солтүстік Америка елдеріндегі университеттерде ашылды. «РФММ» оқушыларының оқыту мен технологиялық даярлығының жоғары деңгейі «Apple» мойындаған білім беру деңгейінің бірегей үлгісі болды», — деп атап өтті «iTeacher Academy» (Apple Authorized Reseller) негізін қалаушы Юлия Андреева.

8-9 сынып оқушыларына арналған сабақтар аптасына екі рет өтеді. Курс барысында оқушылар бағдарламалаудың негіздерін, мобильді қосымшалардың құрылымын үйреніп, өздерінің «IT»-жобаларын жасайды. Сондай-ақ олар «Swift Student Challenge» сияқты халықаралық «Apple» байқауларына қатысу мүмкіндігін алады. Бастауыш сынып оқушыларына «Apple» экожүйесімен танысу және негізгі цифрлық дағдыларды меңгеруге арналған курстар ұйымдастырылған.

«Қазақстанда «AATCE» орталығының ашылуы – цифрлық білім беруді дамытудағы маңызды қадам. Ол оқушыларымыздың әлемдік үздік білім беру стандарттарына қол жеткізуіне жол аша отырып, өңірлік деңгейде «IT» дайындығы саласындағы көшбасшылықты нығайтуға серпін береді», — деп атап өтті ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ресми өкілі Мереке Амангелдіқызы.

Айта кетейік, соңғы жылдары Қазақстан мектептерінде білім беру жүйесін цифрландыру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Ұлттық бастамалар аясында мектеп оқулықтарының 100 пайызы цифрлық форматқа ауыстырылды, мектептердің 95,2 пайызында интернетке қолжетімділік сапасы айтарлықтай жақсартылды, цифрлық білім беру платформалары енгізілуде, оқу процесіне жасанды интеллект элементтері интеграциялануда. Бұл шаралар білім сапасын арттыру және оқушыларды цифрлық болашақтың сын-тегеуріндеріне дайындауға бағытталған.

«ST» АҚПАРАТ.

ЖЕДЕЛ ШТАБ

ӨҢІР ӨЗЕНДЕРІНДЕ СУ ДЕҢГЕЙІНІҢ ТӨМЕНДЕУІ БАЙҚАЛАДЫ

Облыс әкімі Асхат Шахаровтың төрағалығымен өткен ТЖ жөніндегі жедел штабтың отырысында өңірдегі су тасқыны жағдайы қаралды. Аймақ басшысы өзендерге мониторинг жүргізуді жалғастыру және жағдайды бақылауда ұстауды тапсырды.

Онда ТЖД бастығының орынбасары Айбат Жаңабергенов су тасқынына қатысты дәл қазіргі ахуалды баяндады. «Облыста үйлерді су басу фактілері тіркелген жоқ. Қала және аудандарда су айдау, қорғаныс бөгеттерін салу, инертті материалдарды дайындау және құм салынған қаптарды төсеу жұмыстары әлі де жалғасуда. Елді мекендерден бүгінге дейін 971 мың текше метр қар шығарылды, 121 шақырым арық пен 65 шақырым су бұру арналары тазартылды. Алдын алу шараларын жүргізу үшін Ойыл, Ырғыз, Хромтау және Әйтеке би аудандарына әскери бөлімдер мен мамандандырылған техникалар жұмылдырылды. Қазіргі уақытта жұмыстардың аяқталуына байланысты Әйтеке би және Хромтау аудандарына барған әскери қызметшілер қайтарылуда», — деді баяндамашы.

«Қазгидромет» синоптиктерінің болжамына сүйенсек, облыс бойынша су айдындарында су деңгейінің төмендеуі байқалады.

«Соңғы тәулікте Ойыл ауданындағы Ойыл өзенінің су деңгейі бірқалыпты. Бір тәулік ішінде төмендеуі күтілуде. Бүгінде Ырғыз өзенінің су деңгейі небәрі 10 сантиметрге көтерілді. Қостанайда жоғарғы ағыстардың да деңгейі төмендей бастады. Сол себепті, қазіргі уақытта Торғай суының бізге келуі екіталай. Алдағы 5–6 күнде шағын ағын болуы мүмкін, бірақ су деңгейінің айтарлықтай көтерілуі күтілмейді», — деді «Қазгидромет» облыстық филиалының директоры Айгүл Саимова.

Жиын қорытындысы бойынша облыс әкімі су тасқыны жағдайының мониторингін жалғастыруды, су деңгейінің өзгеруіне жедел ден қоюды және елді мекендерді тасқын судан қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауды тапсырды.

«Су тасқыны жағдайының мониторингі тәулік бойы жүргізілуі тиіс. Су деңгейінің барлық өзгерістері тіркеліп, жедел баяндалуы керек. Жағдайға жауап беру ғана емес, шұғыл әрекет ету маңызды. Әр аудан нақты іс-қимыл жоспарларын, күштер мен техникаларды дереу қолдануға әзір болуы керек. Ең бастысы – адамдар мен олардың мүлкіне қауіп төндірмеу қажет. Барлық жауапты басшылардан бұл мәселені ерекше бақылауда ұстауды сұраймын!», — деп атап көрсетті аймақ басшысы.

А. МӘЛІККҚЫЗЫ. Ақтөбе облысы.

АУЫЛ АМАНАТЫ

ЖОБА АЯСЫНДА ЖАҢА ЦЕХ АШТЫ

Бүгінде елімізде кәсіп бастаушыларға кең көлемде қолдау көрсетіліп келеді. Әсіресе, соңғы жылдары өңір тұрғындары арасында «Ауыл аманаты» жобасы арқылы табыс тапқандар қатары артуда. Аталған жоба алғаш ел бойынша облыста пилоттық жоба ретінде енгізіліп, 11 елді мекенді қамтыған болатын. Ауыл-аймақтағы халықтың қолайына жаққан жоба биыл да өз жалғасын тауып отыр.

Жоба аясында тұрғындар өз бизнесін дамытуға немесе кооператив құрамында жеңілдетілген несие ала алады, сондай-ақ техниканы лизингке рәсімдеуге болады. Қарыз алу шарттары да өте тиімді, себебі ондағы пайыздық мөлшерлеме әлдеқайда төмен. Микронесие мерзімі – 5 жыл, ал мал шаруашылығы және ауылшаруашылығы кооперативтерін құру саласындағы жобалар бойынша 7 жылға дейін уақытты құрайды. Сыйақы мөлшерлемесі – 2,5 пайыз, кепілмен қамтамасыз ету міндетті саналады. Мұндай несиенің халыққа пайдалы болары анық. Өйткені, бүгінде бірде-бір коммерциялық банкте ауыл тұрғындарында мұндай шарттармен несие алу мүмкіндігі жоқ. Сондықтан да ауылда қандай да бір өндіріс ашып, оны дамыту үшін бұл – үлкен мүмкіндік. Сол мүмкіндікті пайдаланып, кәсіп ашқандардың бірі – Мария Қапалбаева.

«Ауыл аманаты» жобасы бойынша 2,5 пайызбен несие алған кәсіпкер Жамбыл ауданына қарасты Аса ауылында жаңа цех ашқан. Шағын цехта тұшпара, шұжық, жайма және манты секілді жартылай дайын тағамдар шығарылады. Кәсіпкер қолға алған жұмысын жүргізу үшін екі адамды жұмыспен қамтып, күніне 20-25 келі өнім дайындауды жолға қойған. Сұраныстың күнделікті артуына сәйкес, өнім көлемі еселене түскендігін атап өткен кәсіпкер мемлекеттік қолдаудың аясында жұмыс күшін көбейтіп, өнімді сақтау үшін тоңазытқыш пен арнайы техникалар алған.

– Менің кәсіп ашуыма ең басты себеп, бала күнімнен анама қолғабыс етуді, қонақ күтуді жақсы көрдім. Дәмді тағамдарды жасауды ұнатамын. Осы қызығушылығымның арқасында міне, кәсіп аштым. Жеңілдетілген несие алдым. Негізгі жұмысым ұстаздықты ұмыт қалдырмадым. Қасыма көмекші қыздарды алып, жұмысымды жеңілдеттім. Оның үстіне арнайы техникалар әкеліп, орналастырдым. Техникалармен еңбегіміз жеңілдене түсті. Өзім қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысамын. Іс-шараларға барып жүріп, мемлекеттік бағдарламаларды жиі еститінмін. Кейін өзім неге кәсіп бастамасқа деген ой келді. Көп ойланбай жұмысқа кірісіп, бастап кеттім. Туыстардан, ауылдастардан алғашқы тапсырыстарды ала бастадым. Кейін дайын өнімдер өтетініне көз жеткізіп, бастаған ісімді ары қарай да ілгерілетуді ойластырдым, – дейді іскер әйел.

Айта кетейік, өткен жылы ауданда «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 25 азамат жеңілдетілген несие алса, биылғы жоспар бойынша 15 адамға қаражат бөлінген. Аудан әкімдігі кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Қуат Ошақбайдың сөзінше, биыл агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға басымдық берілген. Бұл бағытта бірінші кезде ауылшаруашылығының өнімділігін арттырып, агроөнеркәсіп өнімдерін өңдеу және экспорт көлемін арттыру қолға алынған.

– Цехты ашпастан бұрын қалай болар екен деп қобалжығаным рас. Бірақ, жақындарым қолдау көрсетті. Біздің өнімдер үй рецептісі бойынша дайындалады, өнім табиғи таза өнімдерден әзірленеді. Оған жергілікті жердегі мал – сиыр, жылқы, қой еті, отандық ұн қолданылады. Қосалқы қоспалар қолданылмайды. Бұл – біздің басты ұстанымымыз. Қандай іс бастау үшін ең бірінші ниет пен төзімділік қажет екен. Ал, кәсіп бастауға жас кедергі емес екеніне өзімнің көзім жетті. Дайындаған өнімдерді көпшілікке ұсынудың өзіндік тәсілдері де бар екен. Оны арнайы курстарға қатысу арқылы үйрендім, – дейді Мария Қапалбаева.

Қазір кәсіпкердің өнімдері тұрғындар арасында үлкен сұранысқа ие. Алдағы уақытта кәсіпкер өнімінің көлемін ұлғайтып, үй ішінен ашылған цехты кеңейтуге ниетті екендігін жеткізді.

Жалпы «Ауыл аманаты» жобасының аясында өңірде 2023-2024 жылдары 25,5 миллиард теңгеге 38 ауылдық округте 4 мыңнан астам жоба қаржыландырылған. Алдағы уақытта жоба аясында ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін шағын цехтарды, құрылыс, кондитерлік және тігін цехтарын ашуға бағытталған жобаларды қаржыландыру жоспарлануда. Осы бағытта биылғы жылы шағын несиемен 1500 адамды қамтамасыз ету көзделген.

Н. АМАНБЕК.
Жамбыл облысы.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

ТЕМІРТАУЛЫҚ ТЕМІР ҰСТАСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында еліміздің кадрлық әлеуетін арттыру маңызды екенін атап өтті. Осы орайда биыл сала мамандықтарына бөлінген мемлекеттік тапсырыс 10 мың орынға көбейді. Оның ішінде, 65 пайызы техникалық мамандықтарға бөлінді.

«Жұмысшы мамандықтарының жылында» еңбекқорлық пен кәсіби маман қалыптастыру идеясы дәріптелуде. Президент осы орайда «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалау қажет. Жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы біз қоғамда еңбекқорлық пен кәсібілік идеяларын насихаттаймыз» деген болатын. Облыста бүгінгі таңда мемлекеттік білім беру тапсырысы өткен жылдармен салыстырғанда 1100 орынға ұлғайтылып, 9244 орынды құрады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінде жоғары оқу орындары ғана емес, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері де білікті кадрлар даярлауы қажет екенін баса айтты. «Үкімет колледжде жақсы оқыған түлектерді мамандығы бойынша мемлекеттік қызметке алу мүмкіндігін қарастыруға тиіс. Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау– айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам» деп атап өтті. Сол себепті, Мемлекет басшысы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялады. Бүгінде осы бағытта аймақта мамандарды сапалы даярлау мақсатында «Жас маман» жобасы сәтті қолға алынуда. Бұл орайда, жарақтандырылған 9 тірек колледж және тиісті даярлық бейіні бойынша 45 магниттік колледж жұмыс істеп тұр.

Мемлекет басшысы атап өткендей, осы колледждерде білім алған жастардың қоғамда еңбекқорлық, кәсібілік сияқты қасиеттері жоғары бағалануы тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырып, қарапайым еңбек адамының мәртебесін көтереді. Аймақта Мемлекет басшысы атап өткен өреден шығатын жастар жетерлік. Мәселен, теміртаулық Ақылжан Елеуғазиннің мамандығы – токарь. Ә.Сағынов атындағы Қарағанды университетінің түлегі бүгінде жұмысшы мамандығын одан әрі дамытып, өз тауарларын брендке айналдырып үлгерді.

– Президенттің жастарға ерекше көңіл бөлетіні қуантады. Қазіргі таңда әрбір жас өзінің ойлап тапқан өнімін брендке айналдыра алады. Мемлекет ұшқыр ойлы жастардың бизнес бастамаларының, жастардың стартап жобаларының белсенді жүзеге асуына қолдау көрсетуде. Бүгінгі күні әрқайсымыздың ең үлкен арманымызды іске асыруға және жеке табыс жолымызды жүріп өтуге мүмкіндігіміз бар. Тек мақсаткерлік, еңбекқорлық және креатив қажет, – дейді Ақылжан Елеуғазин.

Металдан түрлі мүсіндер жасайтын Ақылжан Елеуғазиннің ұсталық өнерге келгеніне көп болған жоқ. Солай бола тұра, оның жұмысы ерекше өнерді сүйетін қауым арасында үлкен сұранысқа ие. Ұсталықтың шекарасын кеңейтуге Теміртау қаласы әкімінің гранты мүмкіндік берді. Бүгінде қолдан жасалған бұйымдарды сатып алушылар шет елдерден де кездесуде.

Ақылжанның ұсталығы әкесінен дарыған. Бүгінде әкесі мен ұлы «Металды соғу дағдысы және осы саладағы терең білім әрқашан табыс әкелуі керек» деген ұстанымда. Осылайша олар отбасылық кәсіпті дөңгелетуге кіріскен. Кәсіпті ашпас бұрын шеберлер «Qarmet» металлургиялық компаниясында жұмыс істегенін айта кеткен жөн. Зауытта кәсіби тәжірибе жинап, дағдыларын шыңдаған.

– Әкем Теміртауда «Машина жасаушы» мамандығында білім алған. «CNC» станогында токарь болып жұмыс істеді. Әкемнен үлгі алып, осы іске қызықтым. Содан кейін өз ісімді ашқым келді. Жеке кәсіп ашып, неше түрлі құрылымдар мен пішіндер ойлап тауып, өндіріске шығаруға бел будым,–дейді Ақылжан.

Шеберден бір күнгі жұмысын сипаттап беруін сұрағанымызда, әр күні бір-біріне ұқсамайтынын айтты.

– Егер бір күнгі процесті қысқаша сипаттайтын болсақ, онда алдымен «CAD» бағдарламаларында дизайн жасалады. Содан кейін металл лазерлік машинаның көмегімен кесіліп, бүгіледі. Алынған бөліктерді жинаймыз, дәнекерлейміз. Кейін тегістеу, праймер, бояу жұмыстары жүреді. Дәнекерлеу ісін де әкемнен, нақтырақ айтсам, кәсіби дәнекерлеушіден үйрендім, – дейді Ақылжан.

Кәсіпкер ұсталық іспен үш жылдан астам уақыттан бері айналысып келеді. 2024 жылы ол гранттық байқауға қатысып, жеңіске жеткен. Жалға алынған шеберханаға қосымша жабдық сатып алған. Осы уақыт ішінде шебердің қолынан 50-ге жуық дайын мүсін шығыпты. Бүгінде кәсіпкердің өнімін тұтынушылардың географиясы кең. Жұмысты тек аймақ тұрғындары ғана емес, сонымен қатар, Астана, Алматы, сондай-ақ Ресейден сатып алушылар бар.

– Жұмыстарым арқылы Қарағанды, Астана, Алматыдағы үйлер мен ғимараттардың қабырғаларын безендірдім. Кейбір конструкциялар Украинаға, Ресейге және АҚШ-қа тапсырыспен жіберілді, – дейді кәсіпкер.

Өткен жылы темір ұстасы қала әкімінің грантын және мемлекеттік грантты алып, қаржылық қолдауға шеберхананы жаңартқан екен.

– Біз әкімнің 1 миллион теңге грантын иелендік. Оған металда өрнектер жасайтын машина алынды. Сонымен бірге, 400 айлық есептік көрсеткіш сомасына грант алып, қолдаудың арқасында дәнекерлеу машинасы мен кесу машиналарын сатып алдық, – дейді темір ұстасы.

Шеберлер мүсіндерден басқа, терезе торларын да жасайды. Қауіпсіздік үшін жасалатын мұндай өнімдер – кәсіпкерлердің негізгі табыс көзі. Жаз бойы шеберханада 200-ден 300-ге дейін тор жасап шығарады.

– Тапсырыс берушінің кез келген идея, ұсынысын шындыққа айналдыра аламыз. Қазіргі таңда қала тұрғындары арасында тор танымал. Жасап жатқан ісіміздің пайдалы тұсы да бар. Олар үйдің қауіпсіздігі үшін ғана емес, сонымен қатар, балалардың терезеден құлап кетуіне жол бермейді, – дейді темір ұстасы.

Шебер әр бұйымның сапасына жауапкершілікпен қарайды. Әрбір тапсырыстарды миллиметріне дейін өлшеп, орындау үшін алдымен компьютерде сурет салады. Үш өлшемді кескін зергерлік дәлдікті қажет ететін жұмыстарды орындауға көмектеседі.

Темір ұстасы болашақта ауқымды жұмыстарды қолға алмақшы. Мемлекеттік тапсырыстармен айналысып, сол арқылы қала мен аймақты абаттандыруға үлес қосуды жоспарлап отыр.

– Еңбек адамы – қоғам дамуының негізі деп жиі айтамыз. Жастар еңбек адамына құрмет көрсету арқылы адал және табанды еңбектің арқасында жеңіске жететінін түсінеді. Мемлекет пен қоғам еңбек адамдарына лайықты жағдай жасап, олардың еңбегін жоғары бағалайды. Жастар мемлекет берген мол мүмкіндіктерді кеңінен пайдалануы тиіс. Тірліктің көзін тапқан жандар қашанда дамуға бейім болады деген ұстанымдамын, – дейді жас кәсіпкер.

А. СОВЕТ.
Қарағанды облысы.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

ЕЛІМІЗДЕГІ ЕКІ ЖОБАНЫҢ БІРІ

Құрылғанына жыл толмаған «ComInvestGroup» серіктестігінің жұмысы қарқынды. Астана қаласы маңындағы №1 Индустриялық парк ішінен орын тепкен кәсіпорын құрылысқа қажетті жабдықтар дайындайды. Дұрысы, көп қабатты үйдің қабырғасы мен еден плиталарын құю кезінде керекті тіреу бағаналарын, мінбе сатысы мен қалыптарды (опалубка) шығаруда. Сондай-ақ қосымша мектепке қажет орындық пен парталар және ғимарат сыртына түрлі нұсқада қоршау шарбақтарын да тапсырыспен орындап келеді.

«Кәсіпорын өткен жылы сәуір-мамыр айында құрылды. №1 Индустриялық парктен 5 гектар жер алып, жобаға қомақты инвестиция құйдық. Біздің мақсатымыз – алдымен елдегі ішкі сұранысты қанағаттандыру. Қазір жыл сайын Қазақстанның түкпір-түкпірінде құрылыс жұмысы көбейіп келеді. Осыған қажетті заттарды толық қамту керек. Жалпы бізден бұрын ашылған компания бар, ол Алматы қаласында орналасқан. Екінші болып біз осындай жобаны қолға алдық»,– дейді «ComInvestGroup» ЖШС бас директоры Дәурен Тәкеев.

Дәуреннің сөзінше, Индустриялық парктен алынған 5 гектар аумақтағы өндіріс екі кезеңге бөлінген. Қазір біріншісі бойынша жұмыс жүріп, өнім шығып жатыр. Ал, екінші жоба – болашақта кәсіпорын өнімділігін одан әрі арттыруға арналған. Сондай-ақ кәсіпорын елімізде жүріп жатқан «Жайлы мектеп» жобасы бойынша оқушы орындығы мен парталарын да дайындайды. Тіпті, зауыт күші бір айда 2 мың орындық пен партаны қажетті жерге жіберуге қауқарлы көрінеді. Өйткені, жақында ғана елдегі салынған екі «Жайлы мектептің» осындай керектісін аз уақытта сапалы етіп бітіріп берген.

«Кәсіпорын ішіндегі өндіріске пайдаланып отырған құрылғылар заманауи әрі соңғы үлгідегі десек болады. Кәсіпорын құрар алдында көрші Қытай елінен арнайы роботтық жүйемен жұмыс істейтін екі технологиялық жабдық алдырдық. Бұл аппарат – белгілі бір өнімді арнайы енгізілген бағдарламамен өзі кесіп, өзі дәнекерлеп береді. Біз сөзбен айтқанда, бір робот 4 дәнекерлеушінің жұмысын атқара береді. Тағы бір айтатыным, зауыт іші бірнеше бөлімнен тұрады. Қалыптарды қалпына келтіру немесе жөндеу, жаңа қалыптар, мінбе сатысы мен тіреу бағаналарын дайындау, мектепке қажет орындық-парталарды шығару сияқты цехтар өз жұмысын тиянақты атқарып келеді» – дейді ол.

Зауытта алғашқы кезде 10-15 адам ғана жұмыс істеген. Бүгінде тапсырыс ұлғайған соң жұмысшылар саны 50-55 адамға артыпты. Жалақылары да тұрақты.

«Біздің шығарған құрылыс жабдықтары өз елімізден бөлек, көрші мемлекеттерге де кетеді. Мысалы, жақында Өзбекстанға өнімнің бір бөлігін жібердік. Енді Қырғызстанмен де келісімге дайындалып жатырмыз. Жалпы зауыт басшылығы жылда халықаралық сауда көрмелеріне қатысу арқылы өнімдерін тұрақты көрсетіп отырады. Сол арқылы кәсіпорынға тапсырыс ұлғайып та келеді. Алдағы мамырда Астанада өтетін көрмеге де қатысамыз. Ал, негізгі тұтынушының басым бөлігі – еліміздің құрылыс компаниялары», – дейді бас директор.

Компания өз қызметкерлеріне тегін түскі ас және ағзаға қажетті витаминді жеңіл тағамдар (сүт, айран) қарастырған. Бұған қосымша жұмысшылар маусымдық киіммен қамтылыпты.

«2024 жылы Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің «Механика және металл өңдеу» мамандығын бітірдім. Ал, былтыр жазда осы кәсіпорынға бірден жұмысқа орналастым. Алғашқыда қиынға соқты. Бірақ, тәжірибелі әріптес ағалардың арқасында зауыт тіршілігін тез игердік. Мұндағы міндетім – тапсырыспен келген құрылыс заттарына қажетті темірді арнайы сызбамен кесіп, дәнекерлеу цехына жөнелту. Жұмысым өзіме ұнайды»,– дейді лазерлік кесу аппаратының операторы Еркінбек Болыс.

21 жастағы жас маманның биыл Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Жұмысшы мамандықтарының жылынан» күтері көп. Әсіресе, ол өз қатарластарының осы салаға жиі келіп, жұмыс істегенін қалайды.

«Барлығымызға бірдей мұғалімдік немесе заңгерлік қызмет қайда?! Мен көбіне-көп біздің технологиялық немесе өндірістік салаға жұмысшы күші жетпейтінін естимін. Ол рас. Көп жағдайда менің замандастарым келуге тартыншақтайды. Әрине, әрқайсысының өз себептері бар болар. Бірақ, ел дамуына өз үлесіңді қай тұрғыдан алсақ та адал, таза еңбекпен қоссаң, ол – үлкен жетістік. Ал, біздің салаға келу үшін ең алдымен, өзіңе сенімділік керек. Сонда ғана белгілі бір нәтижеге жетуге болады деп есептеймін», – дейді Еркінбек.

Е. ҚОЖАС.
Астана қаласы.

ӨНЕРКӘСІП

ЖЫЛЫНА 1,2 МИЛЛИОН ТОННА ЦЕМЕНТ ӨНДІРЕДІ

Әр өңірдің өзіне тән ерекшелігі мен тіршілігі бар. Соның бірі Кербұлақ ауданы. Бұл елді мекенде ауылшаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп салаларымен қатар ірі өндіріс те қарқынды дамуда.



2021 жылдың мамыр айында іске қосылған «Alacem» ЖШС цемент өндіру зауыты – Жетісу жеріндегі ірі өндіріс ошақтарының бірі. Жылына ол 1,2 миллион тонна цемент өндіреді. Өндіріс орнында қазір 560 адам еңбек етеді. Бүгінде зауыт өнімінің жылдық жоспары артты. Осыған байланысты қосымша 40 жұмыс орнын ашу көзделіп отыр.

Өндірістің негізгі шикізаты – әктас, саз, темір кені, домна шлак, гипс, көмір. Инвестициялық жобаны табысты іске асыру Жетісу және Алматы облыстарына оң мультипликативтік әсер беруде.

Зауыт іске қосылғалы бері ауданның дамуына 2,7 миллиард теңге қаржылай қолдау көрсеткен. Бұл қаражат Сарыөзек–Көктал жолын жөндеуге және өңірдегі әлеуметтік жобаларға жұмсалды.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.
Жетісу облысы.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ КӨЛІК САЛЫҒЫ

Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті Жеке тұлғалардың 2024 жылға көлік салығын төлеу мерзімі 2025 жылдың 1 сәуірінде аяқталатынын еске салады. Егер салық уақытылы төленбесе, әр кешіктірілген күн үшін өсімпұл есептеледі.

Облыс бойынша барлығы 247148 көлік тіркелген. 2025 жылғы 13 наурыздағы жағдай бойынша көлік құралдары салығы бойынша берешегі 12286 жеке тұлғаға 613,6 миллион теңге құрайды.

Жеңіл автомобильдерге көлік салығы, автомобильдің қозғалтқыш көлемі мен АЭК негізінде есептеледі. Қозғалтқыш көлемі неғұрлым үлкен болса, салық та соғұрлым жоғары болады.

Салық төленбесе не болады?

Көлік салығын төлемеген жағдайда 1 сәуірден бастап салықтың кешіктірілуіне өсімпұл есептеледі.

Егер салық уақытылы төленбесе, салық органдары мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолданады, атап айтқанда, салықтық берешек туралы хабарлама жібереді, берешекті өндіріп алу туралы салықтық бұйрық шығарады және оларды жеке сот орындаушыларына (ЖСО) мәжбүрлеп орындау үшін жібереді.

Өз кезегінде, сот орындаушылары борышкерлерге қатысты шаралар қолданады, соның ішінде мүлікке және банк шоттарына тыйым салу, сондай-ақ елден шығуға шектеу қою.

Сондай-ақ борышкерлер банк қызметтерін пайдалана алмайды, банк шоттарын аша алмайды, ақша аударымдарын жасай алмайды, несие рәсімдей алмайды және тағы басқа.

Сонымен қатар, ескере кету керек сот орындаушыларымен борышкерлерден салық берешегі соммасының 25 пайызына дейінгі сомада шығандарын ұстайтынын хабарлаймыз.

Көлік салығының сомасын «kgd.gov.kz» веб-порталындағы калькулятор арқылы және «e-Salyq Azamat» мобильді қосымшасында өздігінен есептеуге болады.

Көлікті сенімхат арқылы сату кезінде салық көлік құралын сенімхат бойынша басқа тұлға пайдаланса да, көлік құралының иесіне есептеледі.

Көлік салығын 490 баптың 1-тармағына сәйкес, салық салу объектілеріне меншік құқығы бар жеке тұлғалар төлеуге міндетті.

Көлік салығынан босатылатын жеке тұлғалар ол:

- ҰОС ардагерлері, КСРО және ҚР батырлары және оған теңестірілген тұлғалар;
- «Батыр ана» атаңына ие болған немесе «Алтын алқа», «Күміс алқа» белгілерімен марапатталған аналар;
- Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар;

Мұндай тұлғалар өз аттарына тіркелген бір көлік құралы үшін салық төлемейді. Егер атында бірнеше көліктері болса, қалғандары үшін салық төлеуге міндетті.

- шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнаулы салық режимін қолданатын шаруа немесе фермер қожалығының басшысы және (немесе) мүшелері - осындай арнаулы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын қозғалтқышының көлемі 2500 текше сантиметрді қоса алғанда бір жеңіл және жүк көліктері үшін.

Көлік салығын «e-Salyq Azamat» мобильді қосымшасы, екінші деңгейлі банктердің мобильдік қосымшалары, «Қазпошта» арқылы төлеуге болады.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІ.

ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯНЫҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ

Табиғи монополия – экономикалық жүйедегі маңызды құбылыс, онда нарықтық күштер тек бір ғана компанияға өнім немесе қызмет ұсынуда тиімді болып келеді. Табиғи монополиялар әдетте инфрақұрылымға, табиғи ресурстарға немесе үлкен бастапқы инвестицияларды қажет ететін салаларда дамиды. Олар қызмет көрсетуі тиімсіз болатын бәсекелес компанияларды нарыққа кіруден тежейді. Осындай монополиялардың қызметі бірқатар маңызды факторлармен сипатталады.

1. Инфрақұрылымдық қызметтерді ұсыну

Табиғи монополиялар негізінен инфрақұрылымдық қызметтерді ұсынады. Мысалы, электр энергиясын жеткізу, су тасымалдау, газбен жабдықтау немесе теміржол арқылы тасымалдау. Бұл қызметтер бүкіл қоғам үшін маңызды және үздіксіз жұмыс істеуі керек. Табиғи монополиялардың бұл салада болуы тұтынушыларға қызмет көрсету тиімділігін арттыру үшін қажет, себебі, әрбір жаңа компания үшін инфрақұрылым құру шығындары айтарлықтай жоғары болады. Сол себепті, бір ғана компанияның қызмет көрсетуі шығындарды азайтып, қызмет көрсету деңгейін тұрақты ұстап тұруға мүмкіндік береді.

2. Шығындарды оңтайландыру

Табиғи монополияның басты ерекшеліктерінің бірі – масштаб тиімділігі (экономия от масштаба). Яғни, өндіріс көлемі артқан сайын, бірлік өнімнің шығындары азаяды. Мысалы, бір қалада су құбыры жүйесін салу үшін үлкен қаражат қажет болады, бірақ сол жүйені бір компания басқарып, барлық қала тұрғындарын қамтамасыз еткенде шығындар ақталады. Егер бірнеше компания өз құбырларын салуға мәжбүр болса, бұл шығындарды арттырып, түпкілікті тұтынушыларға бағаны көтеріп жібереді.

3. Бәсекелестіктің болмауы және оның реттелуі

Табиғи монополияларда бәсекелестік жоқ, бұл жағдай тұтынушыларға кері әсерін тигізуі мүмкін. Компаниялар қызмет көрсету сапасын төмендетіп, бағаны көтеруге бейім болуы мүмкін. Сондықтан, табиғи монополиялар әдетте мемлекет тарапынан реттеліп отырады. Мысалы, үкімет баға саясатын бақылап, сапаны реттеу стандарттарын белгілейді. Бұл тұтынушыларды монополиялардың ықтимал зиянды әсерінен қорғауға мүмкіндік береді.

4. Инновация және технологиялық даму

Табиғи монополиялар кей жағдайда инновация мен технологиялық дамудың драйвері бола алады. Мысалы, байланыс саласында бір компания барлық инфрақұрылымды құрып, кейін оны модернизациялап отыруы мүмкін. Олардың қаржылық ресурстары және технологиялық мүмкіндіктері арқылы үлкен жобаларды жүзеге асырып, саладағы жалпы технологиялық дамуды қамтамасыз етеді.

5. Қоғамдық игілік қызметі

Табиғи монополиялардың қызметтері көбінесе қоғамдық игілікке жатады. Мысалы, электр энергиясы, су, газ немесе байланыс жүйелері қоғамның күнделікті өмірінің ажырамас бөлігі. Сондықтан табиғи монополиялар қоғамның мүддесіне сай жұмыс істеп, маңызды қызметтерді үздіксіз әрі қолжетімді етуге тырысады.

6. Әлеуметтік жауапкершілік

Табиғи монополиялар көп жағдайда әлеуметтік жауапкершілікті мойнына алады. Бұл компаниялар елдің барлық аймақтарына қызмет көрсетуге міндетті, соның ішінде экономикалық жағынан тиімсіз аудандарға да. Мемлекетпен жасалған келісімдер арқылы олар халықтың әлеуметтік әлсіз топтарын қорғау үшін арнайы тарифтер белгілеп, қолжетімді бағамен қызмет ұсына алады.

Қорытынды

Табиғи монополиялар экономикалық тұрғыдан маңызды қызметтер атқара отырып, қоғамның тұрақтылығы мен дамуына ықпал етеді. Олардың қызметі көптеген салаларға тікелей әсер етеді және мемлекет тарапынан реттеуді талап етеді. Егер дұрыс басқарылса, табиғи монополиялар халыққа тиімді және қолжетімді қызметтер ұсына алады, ал дұрыс реттелмеген жағдайда олардың теріс әсері сезілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ СТАНДАРТАРЫ

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39/НҚ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес департамент 4 мемлекеттік қызмет көрсетеді:

1) «Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу жөніндегі қызметке лицензия беру»;

2) «Егер мәміле жасалатын мүліктің ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік теңгерімде ескерілген баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік теңгерімге сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асатын болса, табиғи монополия субъектісінің мүлкімен мәмілелер жасауға келісім беру»;

3) «Табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру»;

4) «Табиғи монополиялар субъектілерін Мемлекеттік тіркелімге енгізу және одан шығару».

Департамент мемлекеттік қызметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 5 маусымдағы №47 бұйрығымен бекітілген «Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу жөніндегі қызметке лицензия беру» және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы №73 бұйрығымен бекітілген «Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметті жүзеге асыру қағидаларына» сәйкес көрсетеді.

Департамент 2024 жылы мемлекеттік қызметтер көрсетті:

- «Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу жөніндегі қызметке лицензия беру» - 3 (1-берілді, 2-бас тартылды);
- «Егер мәміле жасалатын мүліктің ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік теңгерімде ескерілген баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік теңгерімге сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асатын болса, табиғи монополия субъектісінің мүлкімен мәмілелер жасауға келісім беру» - 9;
- «Табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыруға және таратуға келісім беру» - 1;
- «Табиғи монополиялар субъектілерін Мемлекеттік тіркелімге енгізу және одан шығару» - 11.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту - 0.

Көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қарау мерзімі:

аэронавигация және әуежайлар мен байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілерін Мемлекеттік тіркелімге енгізу - 30 минут;

аэронавигация және әуежайлар мен байланыс саласындағы көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, табиғи монополиялар субъектілерін Мемлекеттік тіркелімнен шығару - екі жұмыс күні.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны - электрондық.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың «жеке кабинеті», мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға не сотқа шағыммен жүгінеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті.

СТАНДАРТЫ ПО ОКАЗАНИЮ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ

Согласно Реестру государственных услуг, утвержденному приказом и.о. министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан от 31 января 2020 года №39/НҚ, департаментом оказываются 4 государственные услуги:

1) «Выдача лицензии на деятельность по покупке электрической энергии в целях энергоснабжения»;

2) «Выдача согласия на совершение сделок с имуществом субъекта естественной монополии, если балансовая стоимость имущества, в отношении которого совершается сделка, учтенная в бухгалтерском балансе на начало текущего года, превышает 0,05 процента от балансовой стоимости его активов в соответствии с бухгалтерским балансом на начало текущего года»;

3) «Выдача согласия на реорганизацию и ликвидацию субъектов естественных монополий»;

4) «Включение и исключение из Государственного регистра субъектов естественных монополий».

Департамент оказывает государственные услуги в соответствии с Правилами оказания государственной услуги «Выдача лицензии на деятельность по покупке электрической энергии в целях энергоснабжения», утвержденными приказом министра национальной экономики Республики Казахстан от 5 июня 2020 года №47 и «Правилами осуществления деятельности субъектами естественных монополий», утвержденных приказом министра национальной экономики Республики Казахстан от 13 августа 2019 года №73.

Департаментом за 2024 года оказаны государственные услуги:

- «Выдача лицензии на деятельность по покупке электрической энергии в целях энергоснабжения» - 3 (1-выдано, 2-отказано);
- «Выдача согласия на совершение сделок с имуществом субъекта естественной монополии, если балансовая стоимость имущества, в отношении которого совершается сделка, учтенная в бухгалтерском балансе на начало текущего года, превышает 0,05 процента от балансовой стоимости его активов в соответствии с бухгалтерским балансом на начало текущего года» - 9;
- «Выдача согласия на реорганизацию и ликвидацию субъектов естественных монополий» -1;
- «Включение и исключение из Государственного регистра субъектов естественных монополий» - 11.

Отказано в оказании государственной услуги – 0.

Срок рассмотрения документов услугодателем составляет:

включение в Государственный регистр субъектов естественных монополий, за исключением услуг в сфере аэронавигации и аэропортов и связи – 30 минут;

исключение из Государственного регистра субъектов естественных монополий, за исключением услуг в сфере аэронавигации и аэропортов и связи – два рабочих дня.

Форма предоставления результата оказания государственной услуги–электронная.

Адреса мест оказания государственной услуги размещены на Интернет-ресурсе услугодателя www.economy.gov.kz, раздел «Государственные услуги». Услугополучатель получает информацию о порядке и статусе оказания государственной услуги в режиме удаленного доступа посредством «личного кабинета» портала, единого контакт-центра по вопросам оказания государственных услуг.

В случае несогласия с результатами оказанной государственной услуги услугополучатель обращается с жалобой в уполномоченный орган по оценке и контролю за качеством оказания государственных услуг либо в суд в установленном законодательством Республики Казахстан порядке.

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Мангыстауский область.

Алматы қаласында «МунайТас» Солтүстік-Батыс құбыры желісі компаниясы» ЖШС-нің магистральдық құбыр жүйесі бойынша мұнай тасымалдау реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша 2025-2029 жылдарға арналған тарифтері пен тарифтік сметаларын бекітуге өтінімі бойынша жария тыңдаулар өтеді

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті тұтынушыларды және өзге де мүдделі тұлғаларды «МунайТас» Солтүстік-Батыс құбыры желісі компаниясы» ЖШС-нің магистральдық құбыр жүйесі бойынша мұнай тасымалдау реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша 2025-2029 жылдарға тарифтері пен тарифтік сметаларының жобаларын талқылау бойынша жария тыңдауларға шақырады.

Жария тыңдаулар **2025 жылғы 18 сәуірдегі сағат 11:00-де** Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 26/29 ғимараты, 6 қабат мекенжайы бойынша және Департаменттің «Facebook» әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында (@dkrem.almaty) тікелей трансляциялануымен өтеді.

Байланыс телефондары: **Департамент: 8 (747) 664-19-32;**

«МунайТас» Солтүстік-Батыс құбыры желісі компаниясы» ЖШС: +7 (727) 312-22-12.

В городе Алматы пройдут публичные слушания по заявке ТОО «Северо-Западная трубопроводная компания «МунайТас» на утверждение тарифов и тарифных смет на 2025-2029 годы на регулируемую услугу по перекачке нефти по системе магистрального трубопровода

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по городу Алматы приглашает потребителей и иных заинтересованных лиц на публичные слушания по обсуждению проектов тарифов и тарифных смет ТОО «Северо-Западная трубопроводная компания «МунайТас» на 2025-2029 годы на регулируемую услугу по перекачке нефти по системе магистрального трубопровода.

Публичные слушания будут проводиться **18 апреля 2025 года в 11:00 часов** по адресу город Алматы, Бостандыкский район, улица Тимирязева, здание 26/29, 6 этаж и с прямой трансляцией на официальной странице Департамента в социальной сети «Facebook» (@dkrem. almaty).

Контактные телефоны: Департамент: 8 (747) 664-19-32;

ТОО «Северо-Западная трубопроводная компания «МунайТас»: +7 (727) 312-22-12.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті **2025 жылы 2 сәуір күні сағат:11-00-де** «АТК» жеке кәсіпкерінің бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда, жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру қызметі бойынша тарифі мен тарифтік смета жобасын қарау жөнінде жария тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жария тыңдау мына мекен-жайда өткізіледі: Шымкент қаласы, Диваев көшесі, 148, 2 қабат.

Анықтама үшін телефондары: Департамент – 8 (7252) 32-15-05.

«Жас Отау» тұрғын үй кешенінің тұрғындарының шағымдары бойынша «Дара Жылуқуаты» ЖШС қызметіне жоспардан тыс тексеру жүргізілді

«Жас Отау» тұрғын үй кешенінің тұрғындарынан көптеп түскен шағымдарға байланысты «Дара Жылуқуаты» ЖШС жылумен жабдықтау ұйымының қызметіне жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

Тексеру барысында Субъект Департамент бекітілген тарифпен жұмыс жасаған, алайда «Жас Отау» тұрғын үйі кешенінің тұрғындарына жалпы үйлік аудынды барлық пәтер иелеріне емес, тек жылу пайдаланып отырған тұрғындарға ғана бөлген.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 50 бабының 1 тармағына сәйкес пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың, орынтұрақ орнының, қойманың меншік иесі өзіне тиесілі пәтерді, тұрғын емес үй-жайды, орынтұрақ орнын, қойманы, сондай-ақ кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау ауыртпалығын көтереді.

Сонымен қатар, «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 26 бабының 2 тармағының 6) тармақшасына сәйкес табиғи монополия субъектісі ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметке қатысы жоқ қосымша талаптарды белгілемеуге міндетті.

Осыған қарамастан, «Дара Жылуқуаты» ЖШС аталған талаптарды бұзып, заңсыз түрде 1293510,02 теңге мөлшерінде есеп айырысулар жүргізген.

Жоғарыдағының негізінде жоспардан тыс тексеру нәтижелері бойынша «Дара Жылуқуаты» ЖШС на Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 164-бабы 5-тармағына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалды және тұтынушыларға реттелетін қызметтер үшін заңсыз есептелген сомаларды қайта есептеу арқылы қайтару туралы нұсқама берілді.

г.Шымкент. Внеплановая проверка ТОО «Дара Жылукуаты» по жалобам жителей ЖК «Жас Отау»

В связи с многочисленными жалобами жителей жилого комплекса «Жас Отау» была проведена внеплановая проверка деятельности теплоснабжающей организации ТОО «Дара Жылукуаты».

В ходе проверки установлено, что организация действовала в рамках утверждённого тарифа. Однако при распределении стоимости тепловой энергии среди жителей комплекса расходы были поделены не среди всех собственников квартир, а исключительно между теми, кто использует отопление.

Согласно пункту 1 статьи 50 Закона Республики Казахстан «О жилищных отношениях», собственники квартир, нежилых помещений, парковочных мест и складов несут ответственность за содержание своей собственности, а также за содержание общего имущества многоквартирного дома.

Кроме того, согласно подпункту 6) пункта 2 статьи 26 Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях», субъекты естественных монополий обязаны воздерживаться от установления дополнительных требований, не относящихся к предоставляемой регулируемой услуге.

Тем не менее, несмотря на это, ТОО «Дара Жылукуаты» нарушило установленные правила и произвело незаконные начисления в размере 1 293 510,02 тенге.

На основании вышеизложенного, по результатам внеплановой проверки в отношении ТОО «Дара Жылукуаты» возбуждено дело об административном правонарушении по части 5 статьи 164 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях. Вынесено предписание о возврате незаконно начисленных сумм путём перерасчёта для потребителей регулируемых услуг.

Петропавл қаласында жария тыңдау өтеді

ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің СҚО бойынша департаменті тұтынушыларды және өзге де мүдделі тұлғаларды **2025 жылғы 10 сәуір сағат 16:00-де** Петропавл қ., Парковая к-сі, 57В, 3-қабат, кабинет 335 мекен-жайы бойынша өтетін «Жамбыл су» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және жабдықтау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер мен тарифтік сметалар жобаларын талқылау бойынша жария тыңдауларға шақырады.

Сонымен бірге, жария тыңдауларға «ZOOM» идентификаторы: 720 266 69 94, құпия сөзі: 1234 және «Facebook» қосымшалары (https://www.facebook.com/profile.php?id=100043427352343) арқылы қатысуға болады.

Уәкілетті органның байланыс телефоны: 8 7152-53-42-31.

В городе Петропавловск пройдут публичные слушания

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий МНЭ РК по СКО приглашает потребителей и иных заинтересованных лиц на публичные слушания по обсуждению проектов тарифов и тарифных смет на регулируемые услуги по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергий товарищества с ограниченной ответственностью «Жамбыл су» которые состоятся **10 апреля 2025 года в 16.00 час.** по адресу: Северо-Казахстанская область, город Петропавловск, ул. Парковая, 57 «В», 335-кабинет.

Также имеется возможность участия в публичных слушаниях посредством приложений «ZOOM» (идентификатор: 720 266 69 94, пароль: 1234) и «Facebook» (https://www.facebook.com/profile.php?id=100043427352343).

Контактный телефон уполномоченного органа: 8 7152-53-42-31.

SALYQ TÁRTIBI
Газет 1996 жылы шығарыла бастады
www.salyq-gazet.kz РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ saltar61@mail.ru

БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.

Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97

e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: www.salyq-gazet.kz
Басылым аптасына 3 рет шығады.
Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 208